

# МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА. ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Журналистік мәтіндерді  
редакциялау



Журналистикаға келген адамдар мәтін жазуда белгілі бір ережелерді сақтау керек екенін біле бермейді. Бар мәселе ережелер мен нұсқаулықтарды қатаң сақтап отырудың шығармашылықты тұншықтыратындығында; оның үстіне, грамматика ережелері әрдайым өзгеріп отырады. Иә, тілдің дамуы біздің негізгі байланыс құралымызды байыта түсетін тамаша үдеріс. Бірақ ережесіз тіл, тіпті өткінші болса да, мүлдем тіл болып саналмайды, өйткені ережесіз тілді оны қолданатындардың бәрі бірдей түсіне беруі мүмкін емес. Ереже логика құру үшін қажет. Ереже материалда қате жіберіп алмау үшін және аудитория мен сіздің редакторыңыздың арасында түсініспеушілік болмау үшін қажет. Көптеген медиа ұйымдар қызметкерлерінен медиаөнімнің логикалық құрылымын сақтауға көмектесетін белгілі бір стильді қолдануды талап етеді.

Бұл дәрісте журналистикаға жаңа келгендер мен журфак студенттеріне материал дайындауда бағдар бола алатын кейбір жалпы қағидалар ұсынылған. Бірақ бұл нормалардың шартты екенін, өйткені мәтін жазу мен оны редакциялауға қойылатын талаптар әр жерде әртүрлі болатынын ұмытпаған жөн. Әлемнің көптеген редакцияларының жеке қызметкерлері, яғни газеттер мен журналдардағы мақалаларды баспаға жөнелткенге дейін немесе эфирге шыққанға дейін тексеріп, түзететін субредакторлары болады. Субредактор кәдімгі корректор немесе әдеби редактор сияқты, бірақ біздегі редакциялардың көбінде ондай қызмет орындары алынып тасталған. Сондықтан өзіміз байқағандай, енді журналистік материалдарда қателер өріп жүретін болды.

Ал субредакторлар (subeditor) өте үлкен құрметке ие. Қазіргі онлайн-журналистиканың дамуына орай, олардың міндеттері де біршама кеңейе түскен. Олар мәтінді нақтылық пен грамматикалық тұрғыдан тексеруден өзге, онлайнда айрықша тәсілді қажет ететін тақырыптарды ойластырады, олар сондай-ақ, мәтіндерді іздеу жүйелеріне бейімдеп, дұрыс жазылуын қадағалайды және мәтіндегі негізгі сөздерді орындарына қойып шығады, мәтін мен тақырыптың мобильдік нұсқасының қалай көрінетінін тексереді, фотосурет таңдап, оларға тағы да сол материал тақырыбына қарай, индексстеу дұрыс енгізілуі үшін және сайтқа оқырмандар тарту үшін түсіндірме жазады. Дегенмен субредактордың негізгі міндетіне, редакциялауға оралайық. Жалпы батыстық үлгідегі медиа қауымдастықтарда субредакторлар журналисті қорғаудың соңғы қатарында тұрады және соттық талап-арыздардан аулақ болуға көмектеседі, көптеген репортерлердің жұмысы мен абыройын сақтап қалады, өйткені олар сақшы – геткипер ретінде әрекет етіп, дәлсіз, негізсіз дәлелдер, ерсі, қисынсыз әрі тұщымсыз сөздері бар материалдардың басылымға немесе эфирге кетіп қалмауының алдын алады деген ұғым қалыптасқан. Әрине, журналистің бәрі өзін түзегенге, қателігін көрсеткенге көндіге бермейді, бірақ қалай дегенмен, субредактор жұмысы қажет деп мойындайды. Оның үстіне, журналистика ешқашан жалғыз атқарылатын мамандық болған емес; ол топтық жұмысты қажет етеді. Сапалы жарияланымның ерекше қасиеті – жоғарыда айтып өткеніміздей, қазіргі кейбір танымал БАҚ-та жетіспей тұратын жақсы редактура болып саналады. Редактура жүйкеге тиетін немесе шиеленісіп кеткен тілді жоюға көмектеседі, ақпарат өндіруші мен тұтынушы арасындағы коммуникациялық кедергілерден арылтады. Сонымен субредакторлар бақылауында мыналар болады:

- медиа қолданатын тілді дұрыс өңдеу;
- жазу стилі;
- мазмұн дәлдігі;
- жалпы мақұлданған журналистік нормаларды сақтау;
- дедлайнды сақтау.

Көпшілік аудиториямен қарым-қатынас жасау айтарлықтай жауапкершілік міндеттейді. Журналистиканы тарихтың алғашқы шимай парағы деп бекер атамаса керек. «Журналистика» – «journalism» сөзінің журнал сөзімен байланысты екені белгілі, яғни қасаң тілмен айтқанда, оқиғалар туралы күнделікті есеп беру жазбалары. Бұл жерде екпін «жазба» сөзіне түсіп тұр. Журналистер сол тарихи жазбаларды жүргізуге атсалысады. Асылында, авторлар мен субредакторлар кейіннен біздің әлемді түсінуіміздің бір бөлшегіне айналуы мүмкін идеяларды жеткізу үшін тілдің қадірлі болуына және тиімді қолданылуына айрықша көңіл бөледі. Ең маңызды бөлігі – сөзді оның семантикасына (мағынасына) берік байлап ұстау қажеттілігі.



Сөздің ерекшелігін, күрделілігін, абстрактылы идеясын жеткізе білу қабілетін жоғалтсақ, мәдениеттің де бір бөлігінен айрылғанымыз.

Қанша лепіре айтылды десек те, кейбір журналистер мен редакторлар арасында тілге айрықша жанашырлық танытып, өбектеу сезімі болатыны рас. Әлемдегі кейбір қатал тіл тақуалары – ең бағалы субредакторлар. Олар журналистикаға енді келгендерге әрдайым сыпайы болмаса да, кейде тіпті дәрекілеу болса да, тілге барынша салмақты қарап, дұрыс қолдануды үйретуге ұмтылып жатады. Дегенмен шешендік пен тілді дұрыс қолданудың биік мақсаттарына ғана ұмтыла бермей, хабарыңыздағы логиканың дұрыс құрылуына да ұмтылу қажет. Мазмұн дәлдігі де кейде қиындық тудырып жатады, сондықтан журналист те, редактор да әрқашан ақпараттың нақтылығы мен сенімділігі туралы ұмытпауы тиіс. Мәтін редакторы материалдағы негізгі сәттер мен деректерді өз бетінше қайта тексеруге жиі мәжбүр болып жатады.

Тәжірибеден алынған шынайы жағдайлардан мысал келтіре кетсек, мәселен, бір журналист материалына «құжаттар Испаниядағы үйінен табылды» деп жазып берген, ал шындығында, «құжаттар үйіндегі жатын бөлмеден табылды» болған. Есімдерді қате жазу, немесе адамның аты-жөнін материалда әртүрлі етіп көрсету, лауазымдарды, ұйым атауларын және т.б. қате көрсету сияқты өзге де кең тараған қателер жиі кездесіп жатады. Сондықтан журналистерге барлық аты-жөндер мен мекенжайлардың атауларын екі мәрте тексеруге кеңес береміз. «Медиа және журналистика» кітабының авторлары хат жазу дағдысын дамытуға ең алдымен мәдени сауаттылық деңгейі көбірек ықпал ететініне назар аударады.

Көрнекті журналистика көптеген бейматериалдық активтерді қажет етеді, ол білім мен тәжірибенің, құлшыныстың, салауатты әуесқойлықтың, салауатты күмәншілдіктің, қиялдың мол болуы. Дүниені барынша кеңірек ұғыну үшін «энциклопедиялық білімді» дамыту қажет. Дегенмен кейбіреулер Google заманында және осындай ақпарат тасқыны дәуірінде деректерді зерттеп, есте сақтап отыру міндетті емес деп санайды. Алайда классикалық әлем әдебиетін оқу – саналы адамға қуаныш қана емес, жас журналистердің кәсіби дамуының бөлінбес бөлшегі де. Ондай білім жинағы мен дүниетаным кеңдігі кәсіби мақтаным құралы бола алады. Журналистика факультетінің студенттері оқиғаны жариялап немесе баяндап берудің аздық ететінін, мәніне үңілу керектігін түсінуі тиіс. Сондықтан өнерден, әдебиеттен, тарихтан, саясаттан, ғылым мен техникадан, басқа да салалардан білім мен тәжірибе жинауға барынша ұмтылған жөн.

Журналистер мен редакторлар күн сайын бірден қорытып, өзара байланысын анықтап, логикалық тізбегін жасауды қажет ететін өте көп терминдер мен деректерді қарап шығуға мәжбүр болады. Оны біз үшін Google істей алмайды. Сондықтан мәдени жады күн сайын тексерістен өтіп отырады, әйтпесе материал сапасын былай қойғанда, «министр мойнына төніп тұрған дамокл семсеріне» немесе «Әлемнің жұмсақ өліміне» тап болуыңыз, яғни әлдебір адаммен сұхбат барысында ыңғайсыз жағдайда қалуыңыз әбден мүмкін.

Қалай жазу керек?

Лид – сіздің жаңалығыңыздағы оқиғаның алғашқы сөйлемі, онда сіз ақпаратыңыздың мәнін бірден ашып көрсетуге тиіссіз. Кім? Не? Қашан? Қайда? Қалай? деген бас сұрақтарды есте тұтыңыз, әсіресе «не?» деген сұраққа екпін түсіріңіз. Материалыңызды лид қалпында тоқтатып қоймаңыз. Лид: «Не болды? + Ол нені білдіреді?» деген формуладан тұрады. Лидтің тым көп сөзден, нашар лексикадан тұрмауын немесе сөйлемнің қате құрылымы болмауын, еркін оқылуын қадағалаңыз. Мәтін «батыл» болатынын, негізгі етіс пен өткір де мықты етістіктерден тұруы тиіс екенін ұмытпаңыз. Біршама уақыт жаттыққаннан кейін лидті түйсік деңгейінде-ақ жаза беруге болады.

Барлық журналистік нормалардың ішіндегі айрықша танымал түрі – жаңалықтар материалында төңкерілген пирамиданы қолдану. Бұл тәсілде ақпарат басымдығы мәтіннің басынан аяғына қарай азайып отырады. Төңкерілген пирамида мынадай алты сұраққа жауап береді:

- Жаңалықтың басты кейіпкері кім?
- Не болды?
- Қашан болды?
- Қайда болды?



- Неге болды?
- Қалай болды, қалай орын алды?

Мұндай қағида бойынша барынша көп ақпарат келтірілген лид жоғарғы тұсқа орнал-астырылады. Жоғарыда келтірілген сұрақтардың қысқаша жауаптары айтылады. Аудитория осы мәліметтердің негізінде не сізбен бірге болады, не басқа сілтемеге ауысады. Немесе мүлдем жауып тастайды. Материалдың ортаңғы бөлігі лидте жазылған нәрселерге толық ақпарат беруге көшеді. Дәлелдер мен дәйектерге жан-жақты тоқталады. Ең соңғы деңгей – қосымша ақпарат. Анықтамалық ақпарат, қосымша пікірлер, қорытынды қойылады. Әрине, бұл әдіс журналистикадағы қатып қалған қағида емес, көп қолданылатын құрылым ғана. Бұл жаңалықтар материалымен жақсы сәйкесетін әдіс. Кейбір жаңалықтар ұйымы төңкерілген пирамида әдісінің күні біткенін айтып жатқанымен, медиа сарапшылардың пікірінше, олай деуге әлі ерте. Төңкерілген пирамида ақпаратты жеткізуде айрықша тиімді тәсіл болып қала береді және оның толықтай жойылып кетуі екіталай.

Тақырып өз алдына жеке мәселе. Тақырыпты жазу нағыз өнермен тең. Тақырып барынша көп ақпарат беру үшін бірнеше сөз арқылы қолданылуы тиіс. Сонымен қатар, ол қысқа әрі бәрін қамтуы тиіс. Тақырыпта әдетте цифрлар болмайды және тыныс белгілері өте аз болуы керек. Алайда жаңа технологияның дамуымен және көбірек аудитория тарту үшін кейбір БАҚ «кликбейт» қолданып жатады, оқырмандар санын арттырып, оның әлеуметтік желілер мен Интернетте барынша таралуы үшін сенсациялық тақырыптар қолданады. Ондай тақырыптар әдетте, ақпарат себебінің мәнін толық айтпайды және жалған ақпарат қосуға жол береді.

Сондықтан бүгінгі күннің шындығы – журналистер үшін, әсіресе дәстүрлі медиада жұмыс істейтіндер үшін үлкен сынаққа айналып барады. Қазіргі кезде көп айтылатын кеңестердің ішінде – тек аудитория үшін ғана емес, Google үшін де жазу керек деген ұстаным етек алған. Бірақ өкінішке қарай, алгоритмдер сөз орамдарын да, кекесін-мысқылды да, сөздердің ауыспалы мағынасын да әлі түсіне бермейді. «Интерфакс» агенттігінің ішкі стандарттары негізінде құрастырылған «Интерфакс» жаңалықтарының технологиясы. «Style guide» кітабынан мынадай бірнеше кеңес келтіріледі. Оларды онлайн-журналистика үшін де пайдалануға болады:

1. Тақырып – ұзындығы аралық тастағанда 76 белгіден аспайтын, қарапайым әрі екпінді сөйлем. Белсенді етіс бейтарап етістен гөрі көбірек болады, ұзын сөзден гөрі қысқа сөздер көбірек қолданылады. Қысқартылған сөздерді (Қаржы министрлігі емес, Қаржымин дегендей) қолдануға болады.

2. Тақырыптан не болғаны түсінікті болып тұруы тиіс.

3. Тақырыпта басы артық талдауларды қолданбаған жөн, ал цифрларды жалпылама алу керек.

4. Тақырып көмекші сөзден немесе цифрдан басталмауы тиіс.

5. Тақырыпта ньюсмейкердің пікірі, маңызды немесе ерекше сөзі болуы мүмкін. Тақырыпта ақпарат көзіне сілтеме берілуі (сызықша, үтір, қос нүкте арқылы) тиіс. Егер анонимді ақпарат көзі болса, тақырыпта «ақпарат көздері» деген сөз міндетті түрде айтылып өтуі тиіс.

6. Егер тақырыпта жорамал, болжам болатын болса (ньюсмейкер өзіне ғана байланысты емес оқиға мерзімі, нарықтағы, қоғамдық-саяси өмірдегі болжамдар туралы айтса, өзге біреудің әрекетін бағалау болып саналады), онда тақырыпта міндетті түрде ақпарат көзіне сілтеме берілуі тиіс және тағы бір жайт, тақырыпқа ешқашан нүкте қойылмайды.

Жалпы, онлайн басылым үшін мәтін жазудың өз ережелері бар. Тағы еске салатын жайт, тақырыпта негізгі сөздер міндетті түрде болуы тиіс. Сондықтан адамдар үшін де, роботтар үшін де жазылу керек. Лидті, дұрысы, бір сөйлеммен жазған жөн, оның ұзындығы шамамен, 35-40 сөзден тұруы тиіс. Негізгі мәтін көлемі 4-5 азат жолдан болғаны дұрыс, кейде тіпті аз болуы, әрқайсысы 5 жолдан тұруы мүмкін. Материал кейіпкерінің дәйексөздері мен тікелей өз сөзінен мысалдар келтіріңіз.

Тағы бір кең тарап кеткен мәселе, мәтіндерде клише қолдану. «Washington Post» журналистері тіпті дағдыға айналып кеткен сөз орамдарының 200-ге жуық тізімін жасап шығарды. Ол сөздер ағылшынтілді баспасөзге тиесілі болса да, солармен танысып шығуға кеңес беремін, өйткені өзіміздің тілден де соған ұқсас түрлерін көруге болады. Оларға мына сөздер жатады: «Ешкімге



жасырын емес», «Айсбергтің ұшы ғана», «Айла-шарғысын әшкерелеу», «Жағдай жасау» немесе «Жағдайға бейімделу», «Төбеден жай түскендей», «Жүре көреміз» және т.б. Әрине, мұндай дайын сөз орамдарынан толығымен бас тарту мүмкін емес шығар, ондай сөздер белгілі бір деңгейде журналист өмірін жеңілдететін түсетіні рас. Бастысы, мұндай сөз орамдарын тым көп пайдаланбау керек. Өйткені мәтініңіз жарамсыз болып қалуы мүмкін. Дәл осылайша, күркетауық тілден де арылу қажет. Өйткені білім беру мекемесі – мектеп пен балабақша екенін, ал медицина мекемесі – аурухана мен емхана екенін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Мәселені көтергенде атауларды дәл өз қалпында қолданған дұрыс. Орман алқабы – орман. Ал суару, тігу, шөп шабу жұмыстарын жүргізу немесе іске асыру – небәрі, суару, тігу және шөпті шабу ғана. Кейде мәтіндегі бір ғана түсінікті сөздің орнына неге екенін, үш сөзден қолданылып жататыны бар – мысалы, «шешу» сөзі «шешім қабылдандыға», немесе «мас» сөзі – «мас күйде болдыға» айналып кетеді. Жай ғана «көмектесті» деген сөз «көмек көрсеттіге» айналып кетеді. «Болып табылады», «аталмыш», «ағымдағы» және «қазіргі» деген қасаң сөздер де әсіресе, баспасөз хабарламасында қолданылғанда, құлаққа түрпідей тиеді.

Мәтін сарыны да өте маңызды. Мысалы, қайғылы оқиғаны баяндағанда жеңіл сарынды қолдануға болмайды. Бірақ әлдебір қызықты немесе күлкілі жайтты баяндағанда салтанатты немесе қайғылы сарынмен айтып шығу да жарамайды. Сын есімдер мен үстеулерді қолданғанда екпін бәсеңдеп қалып жатады – бұлар бастауыш пен етістікке бояу қосып, реңк беретін сөздер, сондықтан оларды еш қысылмай қолдана беріңіздер. Салмақты жаңалықтар жазбасы үшін әдетте бейтарап сарын қолдану қажет.

Сонымен қорытындылай келе, «Медиа және журналистика» оқу құралы авторларынан бірнеше кеңес келтіре кетсек:

- сөзді құлағай айналдырып үйреніңіз: сөз сіз ойлағандай әсер бере білуі тиіс; сіз сөздерге толық бақылау жасап, олардың әрқайсының мақсатын білуге тиіссіз;
- ұлы жазушылардың еңбектерімен танысып, көбірек оқыңыз және олардың әдістерін қалай өз жазу машығыңызды жақсарту үшін қолдануға болатынын ойланыңыз;
- өзіңізді сөздікпен тексеріп шығыңыз;
- клише орнына жаңа сөздерді қолданыңыз, жаңа сөздер жұмысыңызға жан бітіреді.

Бұл тақырыпқа сондай-ақ, радио және телеэфир жаңалықтары туралы дәрісте келтірілген мәтін тексеруге қатысты кеңестер де жарайды. Олар:

- Жаңалықтар мәтінінің пирамидалық құрылымға сәйкестігін тексеру;
- Тым үлкен азат жолдарды тағы бірнеше азат жолға, екіге, тіпті үшке бөліп жіберіңіз;
- Азат жолдарда мәтіндегі ойлардың қисынды аяқталуын қадағалап отырыңыз;
- Артық күрделі сөз құрылымдарынан арылыңыз;
- Күрделі сөйлемдерді қысқа сөйлемдерге бөліңіз;
- Тыныс белгілерін тым көп қолданбау, әдетте нүктелер мен үтірлерді қолдану да жеткілікті;
- Жаңалықты оқып шығып, табылған қателерді барынша түзеп шығыңыз.